

Тарихи анықтама

Ахмет Дәкішұлы Дауылбаев (1903-1954 ж.ж.) 1903 жылы 30 қарашада Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақала ауылында кедей отбасында дүниеге келген.

Өзінің еңбек жолын А.Д. Дауылбаев уездік жер бөлімінен бастайды. 1925 жылдан бастап Орал губерниялық сотта аға тергеуші болып жұмыс істейді, 1925 жылғы қараша айынан 1926 жылғы маусым айына дейін Орал губерниялық прокурорының көмекшісі болып қызмет атқарған. Содан соң Гурьев прокуратурасына ауыстырылады. Қостанай округтік сотта жұмыс істейді. 1930 шы 1937 жылдары комсомол облыстық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Жамбыл облысы Мерке аудандық партия хатшысы қызметтерін атқарады.

1938 жылы Қазақ КСР қаржы халық комиссары болып тағайындалып, республикалық халық комиссариаттарының ең жас басшыларының бірі болып есептеледі.

1940 жылдан бастап егін шаруашылығының халық комиссары болып жұмыс істейді. Ұлы Отан соғысы кезінде А.Д. Дауылбаев қолданыстағы армияны азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету үшін республиканың шаруашылығын әскери жағдайға лайықтап ұйымдастыру және ауыстыру бойынша үлкен қызмет атқарды. Ауыл тұрғандыры үшін «Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін» ұраны басты ұранға айналды. А.Д. Даулбаевтың өзі іссапарларға шығып, сол жерлерде майданға іргелес аумақтан, кәсіпорындардан және т.б. көшірілген малды орналастыру мәселесін жеке өзіне шешуге тура келді. Ұлы Отан соғысынан кейін ауыл шаруашылығы саласында еңбегін жалғастырып, ауыл шаруашылығы Министрлігін басқарды. 1952 жылдан бастап су шаруашылығының Министрі. 1954 жылы ВАСХНИЛ Қазақ филиалының Президиумы төрағасы болып тағайындалады.

Өндірістік қызметінен басқа Даулбаев Ахмет Дәкішұлы қоғамдық жұмыспен де айналысты. Ол Қаз.КСР Жоғары Кеңесінің барлық шақырылымдағы депутаты болды.

А.Д.Дауылбаев Ленин орденімен, Еңбек Қызыл ту орденімен, Құрмет белгісі орденімен және «Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Мемлекеттік мұрағатқа сақтауға электронды түрде 7 сақтау бірлігі, 20 есептік бірлігі қабылды. Оған: биографиялық деректер, А.Д. Дауылбаевтың өмірі мен қызметі туралы баяндайтын кинохроника, суреттер кіреді.

Тарихи анықтаманы құрастырған



А.Гиляжева

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты

**Сараптау комиссиясы отырысының
20.06.2012 ж. №1 хаттамасы**

Қатысқандар: СК төрағасы –

Мүшелері- С.Қабакова, Н.Сариева, Н.Неверковец,
А.Гиляжева, Д.Наурызғалиева, Г. Итесова, Ф.Мурзабекова
Хатшы- Г.Шәкибаева

Күн тәртібі

1.Ғылыми-техникалық өңдеуден кейінгі 1903-2003 жылдар аралығындағы Ахмет Дәкішұлы Даулбаевтың жеке тектік құжаттарының тізімдемесін қарау.

Сөз сөйледі:

А.Гиляжева- А.Д.Даулбаевтың құжаттары электрондық вариантпен өңделіп басталды. ҒТӨ нәтижесінде 1903-2003 жылдар құжаттарға №1 тізімдеме жасалды.

Комиссия мүшелері ұсынылып отырған тізімдемеге СТК қорытындысы бойынша қарап-

ШЕШТІ:

1903-2003 жылдар аралығындағы жеке тектік 7 (жеті) іс №1 тізімдемесі бекітіліп мақұлдансын. БҚО мұрағаттар және құжаттама басқармасының СТК келісуге ұсынылсын.

СК төрағасы
СК хатшысы



Г.Шәкибаева